

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Алтын балық

ЖАРИЯЛАНДЫ
07.09.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/16586/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Досджанова Баияш Тулегбердиевна**Бөлімі: Коммуникация****Ұйымдастырылған ашық оқу-қызметі: Сөйлеуді дамыту****Тақырыбы:**Алтын балық.

Мақсаты:Қоршаған ортамен таныстыра отырып,балықтар туралы түсінік беру.Ертегіні тыңдау арқылы бірнеше бөліктен тұратын заттарды геометриялық пішіндерді құрастыру арқылы,ұсақ саусақ моторикасын дамыту.Балаларды қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдар:слайд,алтын балық суреті.**Сөздік жұмыс:**балдыр,жүзу,алтын балық.**Блингвальды компонент:**су-вода,алтын балық-золотая рыба.**Шаттық шеңбері.**

Алақанды ашайық,

Күннің нұрын салайық.

Жүрек жылуын салайық.

Осы жақсы лебіздерді бір-бірімізге сыйлайық.

-Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

-Көктем мезгілі.

-Бүгін біз кіріктірілген,оқу қызметінде Алтын балық ертегісі туралы әңгімелейміз.

Жұмбақ.

Суда өседі, өнеді,

Сыртқа шықса өледі. Бұл не?

-Балық.

-Балалар, сендер балық туралы қандай ертегілерді білесіңдер?

Дұрыс айтасыңдар, тілегімізді орындайтын Алтын балық ертегісінен үзінді көрейік.

-Балалар, қандай ертегі көрдіңдер?

-Алтын балық.

-Алтынбалық шалдың тілегін орындады ма?

-Ия.

-Ал балалар балықтардың қандай ерекшеліктерін, немен қоректенетінін білесіңдер ме?

-Өсімдіктермен, балдырмен құрттармен қоректенеді.

-Балалар, балықтар туралы тақпақтар білесіңдер ме?

1-2 бала тақпақ айтады.

Ғажайып сәт.

Топқа теңіз патшасы кіреді.

-Сәлеметсіңдерме, балалар? Мен теңіз патшасымын. Сендер менің байлығым туралы білесіңдер ме?

Сендер алтын балықты көргілерің келіп тұрған шығар?

Қанекей, сиқыр жасап көрейікші!

Алтын балық келеді.

-Балалар, балық сусыз өмір сүре алмайды. Алтын балығымызды теңіз патшасымен бірге теңізге жіберейік.

Ал, балалар теңіз патшасымен қоштасайық.

-Сау болыңыз!

Балаларға бірнеше бөліктерден тұратын геометриялық пішіндер арқылы алтын балықты құрастыру.

Сергіту сәті.

Тұп тұнық мөлдір суда,

Балық жүзіп жүр екен.

Біресе керіледі,біресе жиырылады.

Біресе құмға тығылады,біресе жүзеді.

Ойын; Балық аулау

Шарты:ыдыстағы балықтарды аулау және оның тазалығына қамқор болу.

Қорытынды:

-Балалар,бүгін біз не білдік?Не үйрендік?

-Қандай балықтың суретін бейнеледік?

-Үнемі балықтарға қамқорлық жасап жүруіміз керек.

Балаларды мақтап,мадақтау.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.